

«Жылъойгаз» ЖШС-нің 2019 жылдың 1 жарты жылдығы бойынша тұтынушылар мен өзге де мудделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы, сонымен қатар реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

1. Инвестициялық бағдарлама және оның орындалуы

Департаменттің 31.10.2018 жылғы №144-НҚ бүйрығымен 2016-2020 жылдарға арналған, жалпы құны – 587 301,06 мың теңгені құрайтын инвестициялық бағдарлама бекітіліп, ол – Атырау облысы бойынша Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен келісілді.

2019 жылға жоспарланған шарасы орындалуда:

1. Газ өткізу қуаттылығы 50000 текше метрді құрайтын автоматты газ тарату бекетін сатып алу үшін толық құнының қалған 50 пайзызына төлем жасалды, құны – 133 541,25 мың теңге.
2. АГТБ ауыстыру үшін «Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу» қагидаларына сәйкес мердігер компаниямен келісім-шарт жасақталып, Газ өткізу қуаты 50000 текше метрді құрайтын АГТБ ауыстыру жұмыстары басталды. Келісім-шарт бойынша аталған шараны ағымдағы жылдың қыркүйек айына дейін бітіріп, қолданыска беріледі деп жоспарлануда.

2. «Жылъойгаз» ЖШС-нің табиғи газды тасымалдау қызметі бойынша 2019 жылдың 1 жарты жылдығы бойынша болжамды қаржылық экономикалық көрсеткіштері

Жалпы кіріс- 185 107 мың тг;

Қызмет көрсетуге кеткен шығындар – 133 544 мың тг;

Салық салуға дейінгі пайда – 51 563 мың тг;

Корпоративтік табыс салығы – 10 313 мың тг;

Соғы пайда – 41 250 мың тг.

3. Табиғи газды тасымалдау көлемі

«Жылъойгаз» ЖШС бойынша 2019 жылдың 1 жарты жылдығы бойынша табиғи газды тасымалдаудың нақты көлемі – 83 279,398 мың текше метр. Соның ішінде:

1. Жеке тұтынушылар үшін – 46 312,003 мың текше метр;
2. Занды тұлғалар үшін – 36 967,395 мың текше метр.

4. Тұтынушылармен жүргізілген жұмыстар туралы

1. Тұтынушылардан келіп түскен арыз, өтініш, хаттардың барлығы да ҚР «Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 8 бабына сәйкес төмендегідей мерзімде қаралады:
 - Өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін жеке және (немесе) занды тұлғаның өтініші құнтізбелік он бес күн ішінде қаралады.
 - Өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілдетін жеке және (немесе) занды тұлғаның өтініші құнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.
 - Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі құнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге үзартылады, бұл туралы қарау мерзімі үзартылған күннен бастап құнтізбелік үш күн ішінде отініш берушиге хабарланады.
2. Серікtestік «бір терезе» принципімен жұмыс жасайды. Яғни, әр тұтынушы «бір терезе» арқылы барлық сұраптарына нақты жауап ала алады, тапсырыстарын, арыз, шағым,

ұсыныстарын бере алады, және техникалық шарт, келісім-шарт, техникалық құжаттар, анықтамалар, т.б. тиісті құжаттарды да ресімдеп ала алады. Нәтижесінде бұрынғыдан әр кабинетті жағалап, әр қызметкерді іздең, әр қайсысына шаруасын түсіндіріп жүрудің қажеттігі жоқ.

3. Серіктестікте заман талабына сай электрондық құжатайналым IBM Notus бағдарламасы енгізіген. Сол арқылы тұтынушылардың тапсырыстары, арыз-шағымдары мен ұсыныстары сол қабылданған мезеттен бастап бірден орындаушыга түседі. Нәтижесінде, Басшылық тұтынушыдан түскен тапсырыстардың, арыз-шағымдар мен ұсыныстардың орындалу уақыты мен деңгейін тікелей бақылап отырады.
4. Кезекте тұрган тұтынушылар арасында түсініспеушілік туындарасында үшін Серіктестікте «электрондық кезек» жүйесі орнатылды. Нәтижесінде, әр тұтынушы аландағай өз кезегін сол жерде орнатылған теледидар арқылы көріп отырады.
5. Серіктестік, төлем жасау барысында тұтынушылардың уақытын үнемді пайдалану үшін терминалдар орнатты. Демек, тұтынушылар кассага кезекке тұрмай, бірден терминал арқылы төлемдерін жасай алады.
6. Қауіпсіздік талаптарын сақтау, жылу беру маусымының басталуы және аяқталуы, төлемдерді қабылдау әдістері мен орындары, тұтынушыларға өткізілетін қофамдық тындаулар, газ бағасы жөніндегі және т.с.с. әр түрлі мәтіндегі ақпараттарды Серіктестік аудан көлеміндегі бұкараптандыру, мақала ретінде үнемі жариялада келеді.
7. Жылу беру маусымы алдында газ қондырғыларын пайдалану ережесін аудан тұрғындарына түсіндіру мақсатында 2019 жылғы қыркүйек айының 01-і мен қазан айының 07-і аралығында қауіпсіздік іс-шаралары үйымдастырылады. Айлық кезінде Майкемген, Шоқпартогай, Аққиізтогай, Қосшагыл, Тұрғызба, Жаңақаратон ауылдарына және Құлсары қаласында тұтынушылармен кездесіп, «Тұрмыста газды қауіпсіз қолдану», «Газ құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті сақтау» атты тақырыпта жиын-кенестер өткізіледі.

5. Тарифтік сметаның орындалуы

«Жылъойгаз» ЖШС-нің 2019 жылдың 1 жартағы жылдығы бойынша болжамды тарифтік сметасының орындалуы

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылға жоспарланған тарифтік смета	2019 жылдың 1 жартағының болжамды көрсеткіштері
I	Тауарларды өндіру және қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар	мың теңге	162 805,92	110 265,22
II	Кезең шығындары	"-	65 654,36	23 278,78
IV	Көрсетілген қызметтің жалпы шығыны	"-	228 460,28	133 544,00
V	Таза пайда	"-	48 633,22	51 562,78
VII	Жалпы кіріс	"-	277 093,50	185 106,78
VIII	Көрсетілген қызмет көлемі	мың текше метр	124 000,00	83 279,40
IX	Нормативтік техникалық ысырап	%	1,84	1,84
IX		мың текше метр	2 275,60	1 532,34
X	Тариф ККС-сыз	теңге/мың текше метр	2 234,625	2 222,72

6. Даму жоспары

«Жылъойгаз» ЖШС болашақтада Жылъой ауданы тұтынушыларына көгілдір отынды толассыз жеткізу жұмысын жоғарғы дәрежеде жасауга жұмыстанады.

Сонымен қатар Серіктестік технологиялық жағынан артта қалған газ қондырғыларын жаңарту үшін 2016-2020 жылдарға бекітілген инвестициялық бағдарламаның шараларына сай 2019 жылдар ішінде қуаттылығы сағатына 50000 м³ құрайтын АГТБ жыл аяғында іске қосу жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, қолданыстағы жер үсті газ құбырларды жаңғырту және игерілмеген жаңа аймақтарын газдандыру жұмыстары жоспарланған. Атап айтсақ, Құлсары қаласындағы 5 ықшам ауданнан өндірістік аймақта орналасқан «Жылъойстройсервис» ЖШС-гі аралығында жер үсті орта қысымды кимасы 325 мм газ құбырын қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Жалпы ұзындығы 1 885,6 метр газ құбыры кимасы 110-315 мм полиэтилен құбырга ауыстырылып жердің астымен жүргізіледі.

Сонымен қатар, Жаңа-Қаратон, Тұрғызба, Қосшағыл елді-мекендерінде жаңа игерілмеген жерлерден жер телімдері бөлініп, жеке тұрғын үйлер салынып тағы да басқа өндірістік-әлеуметтік құрылыштардың көбеюіне байланысты жаңа газ жүйелерін тарту мен қосымша жаңа газ реттегіш қондырғылар орнату қажеттігі туындауда.

Одан кейін жаңадан салынатын «Атырау» ықшам ауданына ұзындығы 9500 метр төмен қысымды газ құбырын жүргізу жоспарлануда.

ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің басшысының 05.05.2015 жылғы №05-996 санды хатымен «Жылъойгаз» ЖШС-нің 2016-2020 жылдарға негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін құрделі жөндеу және ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарлануда. Олар:

ШГРП реттеуішін ауыстыру;

Бісырмаларды ауыстыру;

Төменгі қысымды жер асты газ құбырын монтаждау жұмыстары;

Компенсатор орнату және жөндеу жұмыстары;

Төменгі қысымда газ құбарларына фланцтерді орнату;

ШГРП манометрлерімен крандарын ауыстыру;

ШГРП мен газ құбырларын сырлау;

Орта және төменгі қысымды жерүсті газ құбырларына жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Сонымен қатар, Серіктестік, қызмет жүйесін заман талабына сай оңтайландыру мақсатында, «МобиЛЬДІ қосымша» бағдарламасын да енгізуді жоспарлап отыр. Тұтынушы өз ұялы телефонына «МобиЛЬДІ қосымшаны» жүктеу арқылы кез келген уақытта өзінің тұтынған газ есебін, көрсетілген өзге қызмет, төлем ақылар жөнінде ақпараттарды көріп, төлем жасай алады, сонымен қатар есеп құралының көрсеткіштерін жүктеу мүмкіндіктері де болады.

Сондай-ак, кез келген ескерту, мәлімдеме, хабарламаларды уақтылы алып, біліп отыру үшін ұялы телефонға смс-хабарлама ретінде жолдау кызметі қосылу жоспарлануда.

Айта кететін болсақ, соңғы бір жыл көлемінде Откізу қызметі есепке алу аспабының көрсетімін Whatsapp арқылы қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс екі жақты тиімді болып табылады.

Директор



Жакашев Г.М.